

2010 жылғы қаңтар-наурызда тіркеу жылында жасы он жетіге толатын еркек жынысты азаматтардың шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 22 қаңтарда № 1 шешімі. Ақмола облысы Ақкөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 2 ақпанда № 1-3-131 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл ауданы әкімінің 2010.12.20 № 15 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы Ережеге сәйкес, Ақкөл ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Ақмола облысы Ақкөл аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне, 2010 жылғы қаңтар-наурызда тіркеу жылында жасы он жетіге толатын, 1993 жылы туған, еркек жынысты азаматтардың, тіркеуі ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Ақкөл ауданы әкімінің «1992 жылы туған азаматтарды әскерге шақыру учаскесінде тіркелулерін өткізу туралы» 2009 жылғы 21 қаңтардағы № 1 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-3-101 тіркелген, 2009 жылғы 13 ақпанда аудандық «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины КЗ» газетерінде жарияланған) шешімі күші жойылған деп танылсын;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды аудан әкімінің орынбасары Р. М. Қанатоваға жүктелсін.

4. Осы шешім Ақкөл аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақкөл ауданы әкімі

А. Үйсімбаев

КЕЛІСІЛГЕН:

*«Ақмола облысы Ақкөл ауданы
қорғаныс істері бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы А.Арапов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК